

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№112 (9174)

1953

ЖЫЛҒЫ

6

июнь

Сенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Егінді күте білсең—өнімді мол аласың

Быйыл облысымыздың барлық колхоздары мен совхоздарында дерлік егіннің біркелкі көктем шығуы өткен жылғыға салыстырғанда жақсы. Әресе, егіске көктемнің ең қолайлы мерзімін дұрыс пайдаланып, оны агротехникалық ережелерге сай, зор ұйымшылдықпен өткізе білген колхоздар мен совхоздардың егін күннен күнге қаулап өсіп келеді. Көп жерлерде күздік қара бидай мен ерте себілген жаздық бидай бас тарта бастады.

Алайда, егіннің көктемде жақсы өніп, шыға бастауы егіншілерді жайбарақаттандыруға, тоқмейілісуге тиіс емес. Егіннің жақсы көктей бастауы мол өнім алу жолындағы күреске сіңірілген еңбектің алғашқы нәтижелері ғана. Ал, егіннен мол өнім алу үшін оны үнемі баптап-күту, арам шөптен тазарту, зиянды жәндіктерден қорғау, өрт апатынан сақтау қажет. Демек, мол өнім алу мүддесі егінді қашан да, жыйнап алғанға дейін оны күту жұмысын үздіксіз жүргізіп отыруды талап етеді.

Соңғы кезде облысымызда жауын болып тұр. Мұның өзі тек егіннің ғана емес, сонымен қатар егінде арам шөптің де қалтап өсуіне жағдай жасайды. Арам шөп егінге үлкен зиян келтіреді. Ол топырақтағы дығалды, егінге қажетті қоректі заттарды бойына тез тартады. Егінге күн сәулесін де түсірмейді. Сөйтіп, егіннің тез өсіп, жетілуіне бөгет жасайды.

Өткен жылы облысымызда арам шөптің бұл сияқты үлкен зиян келтіретіндігін елемеген, егінді баптап-күту ісіне мән бермеген колхоздар мен совхоздар болмай қойған жоқ. Бұған мысал егін Октябрь ауданындағы «Победа», «Гигант» колхоздарында болған жағдайды айтсақ та жеткілікті. Бұл колхоздардың басшылары егіннің алғашқы кезде жақсы көктей, шыға бастағанына мән болып отыра берді. Олар егінді күтуді деркесінде ұйымдастырмады.

Мұндай жауапсыздықтың ақыры неге әкеліп соқты? Оның ақыры аталған колхоздардың егінде арам шөптің өте алып

нің бастығы Наркевич пен бас агроном Зайка жолдастарға мәлім. Амал не, аудандық ауылшаруашылық бөлімдерігер жоғарыда айтылғандай зиянды пікірге қарсы күресті ұйымдастыра алмай, егінді күту жұмысына нақтылы басшылық ете алмай келеді. Рас, Наркевич пен Зайка жолдастар егінді күтудің қажеттігі туралы сөз қылады, колхоздарға нұсқау ретінде қатынас-қағаздар да жазады. Дегенмен, өздерінің сол нұсқауларының жергілікті жерде қызында орындалуын ұйымдастырмайды, оның орындалуына бақылау жасап отырмайды.

Егінді баптап-күту жұмысына жете мән бермеушілік фактісі Приешім ауданында да бар. Бұл ауданның Куйбышев атындағы, Каганович атындағы, Буденный атындағы және «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының бірқатар егіндік учасқотерінде арамшөп егінге күн сәулесін түсірмейтін болып өскен. Мұндай арамшөптің тұқымдық учасқотерде де жоқ емес. Бірақ, осы жағдайға колхоз басшылары қызылмайтын көрінеді. Бұл сөзімізді олардың арамшөпті отау жұмысын ұйымдастыруды әлі күнге қолға алмай отырғандығы толық дәлелдейді.

Егінді күту жұмысында болып отырған мұндай кемшілікке бұдан әрі мүлде төзуге болмайды. Дақылдардың қай түрін болса да баптап-күтудің уақытын өткізіп алу егіннің түсімін кемітетіндігі егіншілердің көп жылғы тәжірибесінен көрініп келеді. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары колхозшыларды, МТС, совхоз жұмысшылары мен қызметкерлерін егінді күту жұмысына шұғылдандырып, үстіміздегі жылы егіннің барлық учасқотерінен мол өнім алуды қамтамасыз етулері керек.

Әрбір колхоз бен совхозда егінді агротехникалық ережелерге сай баптап-күту, одан мол өнім алудың басты шартының бірі болып саналады. Егінді күтуді агротехникалық ережелерге сай ұйымдастыруда агрономдар шешуші роль атқарады. Сондықтан агрономдар егін даласында жиі

Қымбатты уақытты босқа өткізуде

Приешім ауданында жемшөп өндіру жұмысы қоғамдық мал шаруашылығы қажетінен артта қалып келеді. Бұл қоғамдық мал басын өркендетуге, оның өнімділігін арттыру ісіне үлкен нұқсан келтіріп жүр. Жемшөптің жеткіліксіз болуы себепті өткен қыста ауданда қоғамдық мал басын өсіру және оның өнімін дайындау жөніндегі мемлекеттік жоспар орындалмады. Ауданның бірқатар колхоздарында жемшөп қыс ортасында-ақ таусылтып, мал азықтан тарыққан еді, құнарлы азықтың тапшылығынан мал қыстан төмен күймен шықты, едәуір шығынға да жол берілді.

Ал, Приешімдегілер өткен қыстағы осындай кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып отыр ма? Бұған жоқ деп жауап бермейінше болмайды.

Облысымыздың бірнеше алдыңғы қатарлы колхоздары кезір шөп шабуды қызу жүргізіп жатыр. Приешім ауданында жағдай бұған керісінше. Осы күнге дейін бірде-бір колхоздың шөп шабуға шындап кірісугенінен былай қойғанда, ауданның көп колхоздарында бұл сияқты аса маңызды науқанға әзірліктің өзі нашар ұйымдастырылған. Колхоздардың басым көпшілігінде шөп шабатын, жыйнайтын машиналарды жөндеуге күш-мүмкіншілік жеткілікті бөлінбеген. Жөндеушілер арасында еңбек өнімділігі өте төмен. Осының салдарынан ауданда шөп машиналары мен ат тырнауыштарын жөндеу әлі күнге аяқталмай отыр. Мысалы, мұнда 1 июньге дейін 236 шөп машинасынан 161 шөп машинасы және 212 ат тырнауышынан 137 тырнауыш ғана жөнделген.

«Қазақстанның 30 жылдығы» артелі—аудандағы ең малды колхоздардың бірі. Қоғамдық мал басын жедел өсіруге мұнда барлық мүмкіншілік бар. Колхозда, әресе, табиғи шабындық мол. Алайда, мал азығының жеткіліксіз дайындалуынан қоғамдық мал басын өсіру кеңілдегідей болмай келеді. Былтыр мұнда мал басын өсіру жоспары екі-ақ түліктен: қой мен жылқыдан ғана орындалған. Өткен қыста бұл колхозда дайындалған жемшөп март айына дейін ғана жетіп, мал жазға төмен

Егінді агротехникалық ережелерге сай баптап-күту—егіннен мол өнім алудың басты шарттарының бірі. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары егінді баптап-күту ісіне барлық егіншілерді жұмылдыра білулері керек.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында быйыл тракторға тіркейтін және өздігінен жүретін кеңалымды екі шөп машинасымен пішен шабылады. Бұлар—шөп шабудағы негізгі күш. Олармен өнімді жұмыс істеп, шөпті көп шабу маман кадрларға тікелей байланысты. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында осындай қуатты машиналарды жүргізетін кадрлар жеткілікті даярланған ба? Жоқ. Кеңалымды шөп машиналарын жүргізетін машинистерді арнаулы курстарда оқытып, даярлауды колхоз басшылары күнілгері ескермеген.

Ауданда шөп шабуға жеңіл-желпі қарап, бұл жұмысты төзгісіз кешеуілдетіп отырған шаруашылықтың бірі—«Талапкер» колхозы. Турасын айту керек, мұнда шөп шабуға әзірлік әлі шындап қолға да алынбаған. Осы жылғы 1 июньге дейін мал азығын дайындау кезінде ең алдымен жұмысқа қосылатын ат шөп машиналарды мен ат тырнауыштарының бірде-біреуі жөнделіп болмаған. Колхоз председатели Нұрмолдин жолдас өзінің шөп шабуға әзірлікті ұйымдастыра алмағанымен тынбай, 1 июньге дейін 15 ат машинасынан 7 ат машинасы, 9 ат тырнауышынан 6 ат тырнауышы жөнделді деп аудандық ауылшаруашылық бөліміне жалған мәлімет беріп, көзбаяушылыққа салынған.

«Талапкер» колхозында 9 ат тырнауышы бар. Колхоз председатели Нұрмолдиннің айтуына қарағанда, оның алтауы жаңа. Сонда 3-ақ ат тырнауышы жөндеуден өтуге тиіс. Анығында ол тырнауыштардың қай-қайсысы болсын жөндеуден өтуге тиіс. Бірақ, не пайда, осы уақытқа дейін оның біреуіне де қол тиген емес. Бұл колхозда быйыл Ленин атындағы МТС-тің өздігінен жүретін кеңалымды бір шөп машинасы, тракторға тіркелетін кеңалымды 3 шөп машинасы жұмыс істейді. Ол машиналар жөндеуден өтсе де, колхозға әкелініп, шөп шабуға әлі қосылған жоқ.

«Талапкер» колхозында шөп машиналарын жөндеуде бар болғаны екі-ақ ұста

брия» колхоздары ат тырнауышын жөндеуді қолға да алмаған. Бұл колхоздардың қай қайсысында болсын шөп шабуға үлгілі әзірленіп, оған мезгілінде кірісуге күш-мүмкіншілік жеткілікті. Алайда, колхоз басшыларының мал азығын дайындауға жеткілікті көңіл бөлмеуі салдарынан ол мүмкіншіліктер нашар пайдаланылуда.

Шөп шабудың қолайлы мерзімін аудан МТС-тері де босқа өткізіп отыр. Быйыл өзара жасасқан шарт бойынша, МТС-тер колхоздарда шөп шабу, жыйнау, оны үйіп, маяға салу жөнінде көп жұмыстар істеуге тиіс. Ал, аудан МТС-терінің мал азығын дайындауға әзірлігі мүлде қанағаттанғысыз. Шөп шабуға әзірлік, әресе, Приешім, Тимирязев атындағы МТС-терде өте-өте нашар. Бұл МТС-терде өздігінен жүретін кеңалымды шөп машиналары мен тракторларға тіркелетін кеңалымды шөп машиналары және трактор тырнауыштары әлі жөнделіп те болған жоқ. Шөп жыйнап үйетін басқа да құрал-жабдықтарды жөндеу ісі қолға алынбаған.

Бұл МТС-тердің директорлары Сердюк, Цимбал жолдастар мал азығын өндіру жөнінде колхоздармен жасасқан шарттарды мінсіз орындауға жете көңіл бөлмей отыр. МТС-терде, керек десе, кеңалымды шөп машиналарын жүргізетін машинистер де жеткіліксіз.

Приешім аудандық ауылшаруашылық бөлімі (менгерушісі Буянский жолдас) қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасауды, ол үшін шөп шабуды мезгілінде бастауды колхоз басшыларынан талап етпейді. Бөлім қызметкерлері, әресе, оның менгерушісі Буянский жолдас колхоздарда өте сирек болады да, істің жайын жете білмейді. Олар аудан орталығында, кеңседе мәлімет жыйнаумен күн өткізеді. Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшы қызметкерлері шөп шабудың осы күнге дейін бастамауына тікелей өздері себепші болуда. Ауданның Ворошилов атындағы, Буденный атындағы, Калинин атындағы және басқа бірнеше колхоздары шөп шабуға әзірлікті бұдан бірнеше күн бұрын аяқ

Облыс кәсіпорындарында

Жаңа міндеттеме

«Екпінді» кәсіпшілік артелінің коллективі үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс қазыңаған сомның өнімін беріп, өнім сапасын жақсартуға беру үшін күресуде.

Артельдің шаруашылық басшылары мен партия ұйымы бірінші жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға зор өрлеу үстінде күш жұмсап отырған артель мүшелерінің саяси белсенділігіне мұнан былай да сүйене отырып, социалистік жарыста алған міндеттемелерді нақтылы жүзеге асыруға айырықша назар аудары беретін болады.

Кәсіпшілік артелінің адамдары бірінші жартыжылдық өндіріс программасын 20 июньге дейін орындауға міндеттеме алды. Артель мүшелері 1953 жылдың бірінші жартысында 3 миллион 675 мың сомның өнімін берумен бірге, жоспардан тыс июньнің соңғы үшінші он күндігінің ішінде ғана 364 мың сомның өнімін беруді ұйғарды.

Артель жұмысшылары май айының жоспарын толық орындап, өнім сапасын бұрынғыдан да жақсартуға түсті. Алған міндеттемелерді аброймен жүзеге асырып, мінсіз жоғары сапалы өнім беруді қамтамасыз етіп келе жатқан таңдаулы стахановшыларымыз көптен саналады. Олардың ішінде Ш. Балғазина жолдасының еңбек өнімділігін үнемі арттырып, өнім сапасын жақсартып келе қапқандығын ерекше атап көрсету қажет. Шебер Ш. Балғазина жолдас бұл күндері еңбек өнімділігін 200 процентке жеткізді. Сол сияқты, тігіншілер М. Садова, Н. Касмасова, бас климдер тігудің шебері Сәрсенбай Мүсрепов, тігінші, М. Колесова жолдастар сменалық тапсырмаларын 135—175 процентке дейін орындауда. Артель мүшелері жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін жарысты өрістете түсті.

С. АМУСОВА,
«Екпінді» кәсіпшілік артелі партия ұйымының секретары.

Жол жөндеудің

өсіп, егіннің жетілуіне өгет жазуына, сайып келгенде егін өнімінің аз болуына әкеліп соқты. Соның салдарынан қолхозшылар еңбеккүндеріне астықты алдыңғы қатарлы қолхоздардың қолхозшыларынан аяғырлым кем алды. Бұған сөз жоқ ең алдымен қолхоз басшылары кінәлі деуіміз керек. Өйткені, олар егінді күту жөнінде агротехникалық ережелерді жүзеге асыруға немқұрайды қарады.

Мұндай кемшілік үстіміздегі жылы да кездесіп отыр. Преснов, Октябрь, Соколов, Приешім аудандарындағы бірсыпыра қолхоздардың егінінде арам шөптің жаулап өсіп кетуіне жол берілген. Бірақ, бұл аудандардың басшылары егінді күту жұмысын ұйымдастыруға әлі күнге шындап кіріскен жоқ. Соколов ауданының Ленин атындағы, Сталин атындағы және «Қазақстан» қолхоздарының егінін, әсіресе, картоп, өмөң егінін арамшөп басып кеткен. Солай бола тұрса да, қолхоз басшылары егіннің арамшөпін отауды ұйымдастырмай, «быйыл егіннің шығуы жаман емес, аздаған арамшөп ештеңе етпейді» деген зиянды пікірдің шырмауынан шыға алмай жүр.

Бұл қолхоздардағы осындай төзгісіз жағдай аудандық ауылшаруашылық бөлімінің қызметкерлеріне, әсіресе, осы бөлім-

болып, егінді күту жөнінде қолхозшыларға нұсқау кеңес беріп, үнемі көмектесіп отыруға тиіс. Агрономдар өздері қамтылған учасқоткердегі егіннен мол өнім алуға жетісудің зор аброй екендігін естерінен шығармалаулары керек.

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің IV пленумы өзінің қаулысында «Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрігі мен оның жергілікті органдарына, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне дөңді дақылдар егісін мезгілінде және жоғары сапалы баптауды қамтамасыз ету, жазғы дөңді дақылдардың бүкіл егіс көлемінде арам шөпті 1—2 рет отау, соның өзінде тұқымдық учасқоткердің арам шөптері отауға ерекше назар салу міндеттелсін» деп атап көрсетті. Бұл міндетті бұлжытпай жүзеге асыру жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының аса маңызды міндеті. Сондықтан бұл ұйымдар егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысын оған сайын күшейте отырып, егінді баптап-күту ісін тыңғылықты ұйымдастыра білулері керек. Сөйтін, үстіміздегі жылы егіннің барлық көлемінен мол өнім алуды қамтамасыз етулері қажет.

Мектеп партия ұйымдары секретарьларының семинары

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Мұнда облыстық партия комитеті шақырған облыстық мектеп партия ұйымдары секретарьларының, аудандық оқу бөлімдерінің меңгерушілері мен мектеп директорларының семинар-кеңесі аяқталды. Партияның XIX съезінің қарарларын және И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін насихаттаудың жайы және оны жақсарту шаралары туралы облыстық партия комитетінің секретары Білеубаев жолдас баяндама жасады.

Балалардың жазғы демалысы мәселесі жөніндегі семинар

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Аудандық комсомол комитеттерінің мектеп жастары мен пионерлер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімдерінің меңгерушілері мен пионерлер үйлері директорларының облыстық комсомол комитеті шақырған төрт күндік семинары аяқталды. Семинарға қатысушылар балалардың жазғы демалысына әзірлену жөнінде мәселе талқылады.

Семинардың тыңдаушыларына арналып: «И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемала-

Семинарда бірқатар баяндама оқушыларды кластан-класқа көшіру және мектеп бітіру емтихандарына даярлану мәселелеріне, мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсартудағы партия ұйымдарының міндеттеріне, мұғалімдердің саяси оқуын және іскерлік мамандығын арттыруды ұйымдастыруға арналды. Семинарға қатысушылар И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі және партияның XIX съезінің қарарлары туралы лекциялар циклін тыңдады.

ры» деген еңбегі — марксизм-ленинизм теориясына қосылған жаңа, зор үлес», «И. В. Сталиннің социализмнің негізгі экономикалық заңын ашып, дәлелдеп беруі», «И. В. Сталин социализмнен коммунизмге өтудің негізгі алғышарттары туралы», «В. И. Ленин мен И. В. Сталин жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие беру туралы» деген және басқа лекциялар оқылды.

Семинарға қатысушылар өзара жұмыс тәжірибесін алысты.

МЕМЛЕКЕТКЕ ЖҮН ТАПСЫРУ ЖОСПАРЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАЛДЫ

ТАЛҒАР. (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Іле ауданындағы «Қызыл қайрат» қолхозында қойдың саны жылдан-жылға көбейіп, сапасы жақсаруда. Ауылшаруашылық артелі мемлекетке жүн тапсыру жөніндегі міндеттемесін жыл сайын орындап қана қоймай, сонымен бірге, жоспардан тыс ондаған центнер жүн тапсырып келеді. Үстіміздегі жылы қолхозшылар мемлекетке жоспардан тыс кемінде 30 мың килограмм жүн тапсыруға ұйғарды.

Кәзір қолхозда қой қырку жұмысы

аналық малдың іш тастауына жол берілді, олардан төл аз алынды. Қолхоз жемшөпті басқа қолхоздардан сатып алып, орынсыз көп шығын көрді.

Кәзір қолхоз басшылары мал қыстаудағы мұндай қиыншылықтарды мүлде ұмытқан. Олар шөп шабуға мезгілінде және тыңғылықты әзірлікпен кірісіп, быйылғы жылы қоғамдық мал үшін жемшөптің берік қорын жасауды ұйымдастырудан тыс қалып отыр. Мұнда шөп шабуға әзірлік әлі аяқталған жоқ.

Быйыл бұл қолхозда шабындық жерлердің шөбі ерекше бітік өскен. Олардың пішені шабуға өбден келген. Қолхоз председатели Власов жолдас жөндеуден өткен машиналарды жұмысқа қосып, осы шабындықтардың пішенін шабуды ұйымдастыруды ойламай отыр. Оның ойы — шөп шабуға әзірлікті толық аяқтап, жайымен кірісу көрінеді. Сөйтін, шөп шабуды мезгілімен бастамай, көріне көзге кешіктіруде.

Москвада, Кропоткин көшесінде, Зубов алаңына жақын жерде, ескі архитектура бойынша салынған екі қабатты үй тұр. Бұл үй Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін фабрика иеленушілері Морозовтардың билігінде болатын.

Үлкенді-кішілі көп бөлмелі үлкен үйдің бір бөлмесінде Морозовтар бағалы заттар сақтаған. Ол бөлмені үйдің иелері «Болат бөлме» деп атаған. Бұл жамап аттың да өзіндік тарихы бар. Бөлменің есіктері болаттан жасалған, терезенің сыртқы қақпалары да болаттан жасалып, темір бетонмен қапталған.

Мұнда кәзір Л. Н. Толстойдың мемлекеттік музейінің қол жазбаларын сақтайтын бөлімі орналастырылған.

Бөлмеге кіргенде ең алдымен, биіктігі адамның бойынан асатын екі үлкен болат сейфке (құпия документтер сақтайтын шкаф тәрізді арнаулы жабдық) еріксіз көзге түседі. Музейде жұмыс істеуге өзінің отызжылдық өмірін арнаған, бөлімнің жетекшісі Е. С. Серебрянская сейфтерді ашты, біз оның ішінен қаз-қатар тізілген папкаларды көрдік. Оларда — Лев Николаевич Толстойдың қолжазбалары сақталады.

Бұл бөлмеде Толстойдың алты жасар кезінде жазған балалық дәптерінен бастап, қайтыс болар алдында жазған күнделіктеріне дейінгінің бәрі сақталған. Жыйналған және мұқият реттелген қолжазбалардың жалпы саны өте көп: барлығы бес мың бет.

Бұған «Воскресенье» романының жеті мың беті, «Анна Каренина» романының екі мың беті, «Сорыс және бейбітшілік» романының төрт мың беті, Толстойдың он мың хаты кіреді. Осы бөлмедегі бөлек-бөлек жәшіктерде Толстой туралы ескерткіштер, Толстойлардың семья мүшелері мен Толстойдың достарының жазған хат-

тары, Некрасовтың, Тургеневтің, Горькийдің, Феттің, Репиннің, Гоньың, Андреевтің, орыс мәдениетінің тағы

„БОЛАТ БӨЛМЕ“

тарғы, Некрасовтың, Тургеневтің, Горькийдің, Феттің, Репиннің, Гоньың, Андреевтің, орыс мәдениетінің тағы



басқа көптеген аса көрнекті қайраткерлерінің Толстойға жазған хаттары сақталуда.

Бөлімнің қызметкерлері данышпан жазушының қол жазбаларын сүйіспеншілікпен сақтауда. Тозудан және сарғаюдан сақтау үшін әрбір қолжазба жеке папкаларға салынған.

«Болат бөлмеде» Совет Одағының түрлі қалаларынан келген, өздерінің өмірін Л. Н. Толстойдың творчествосын зерттеуге арнаған жас ғылыми қызметкерлерді көптеп кездестіруге болады. Мұнда олар жазушының

гінге дейін кіріскен жоқ. Бұл фактілер аудандық ауылшаруашылық бөліміне өбден мәлім. Алайда, бөлім мұндай қолжазбаларды басшыларынан шөп шабуға дереу кірісуді талап етпей отыр.

— Енді 5—6 күннен кейін аудан қолхоздарында шөп шабу жұмыстары жайнап басталады, — дейді Буянский жолдас.

Міне, Буянскийдің «жоспары» бойынша аудан қолхоздарында шөп шабудың мерзімі әлі туматаң көрінеді.

Партиямыз бен үкметіміз ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына қоғамдық мал үшін быйыл жемшөптің мол қорын жасауды, бұл жұмысты ең қысқа мерзімде аяқтау міндетін қойып отыр. Приешім аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі бұл міндеттің әрбір қолхозда толық орындалуын қамтамасыз етулері керек.

С. ТЕМІРХАНОВ,
БОГОЛЮБОВО. (Арнаулы тілшіміз).

қолжазбаларын пайдалана отырып, өздерінің диссертациялары мен зерттеулері жөнінде жұмыс істейді. Мұнда Мемлекеттік әдебиет баспасы алғаш рет шығарайын деп отырған толық 90 томдық шығармалар жыйнақтарының редакторлары да жұмыс істейді; бұл ғылыми жыйнақтар жазушының қолжазбаларын мұқият зерттеу негізінде әзірленуде.

Л. Н. Толстойдың совет халқына қымбатты болып табылатын қолжазбаларының сақталу мерзімін ұзарту үшін бөлімнің басшылары жазушының қолжазбаларын суретке түсіріп алуға ұйғарған. Ондағы мақсат — Л. Н. Толстойдың өмірі мен творчествосын зерттеуші ғылыми қызметкерлердің бұдан былайғы жерде де қолжазбалардың түп нұсқасымен немесе сурет көшірмесімен танысуына мүмкіншілік туғызу. Бұл жағдай музейдің ССРО-ның түрлі қалаларына сурет көшірмелерін жіберіп тұруына мүмкіншілік береді, сөйтін, Л. Н. Толстойдың творчествосын зерттеушілердің жергілікті жерде жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Кәзірдің өзінде «Сорыс және бейбітшілік», «Анна Каренина» романдарының қолжазбалары суретке түсірілген, «Воскресенье» романының қолжазбасы суретке түсіріліп жатыр.

СУРЕТТЕ: қолжазбалар бөлімінің ғылыми қызметкері А. И. Опульский «Болат бөлмеде» «Л. Н. Толстойдың «балалық шақ» повестісінің тіл мәдениетін жетілдіру жөніндегі еңбегі» деген тақырыпқа диссертация жазып жатқан Одессаның мемлекеттік университетінің аспиранты Л. А. Коноваловаға консультация беріп тұр.

Суретті түсірген және текстін жазған.

А. ЛЕСС.
(СОТА-ның фотохроникасы).

Озаттары

Петропавл темір жол дистанциясының коллективі темір жолдарды жазғы жөндеу жоспарын арттығымен орындап, барлық жөндеуге тиіс жолдарды мінсіз сапалы етіп жөндеу жолындағы социалистік жарысқа ұштасты.

А. Чернов жолдас басқарған № 6 механикаландырылған овалотканың коллективі жарысқа түскендердің алдында келеді. Бұл коллектив майдың алғашқы екі онкүндігінде 9 километр жолды өте жақсы жөндеп, жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындады. Сол сияқты, коллектив мүшелері май айының тапсырмасын 150 процент орындап, елеулі табысқа ие болды. Дистанция теміржолшылары станция жолдарын жөндеу, піріген шпалдардың орнына жаңа шпалдар төсеу жұмысын да ойдағыдай аяқтады.

Коллективтің ішінде жол жөндеушілер бригадасының бригадирі П. Чепуков, аға жұмысшылар В. Логинов және Р. Кочнев, жұмысшы, А. Чернышев жолдастар тағы басқалары өздерінің ынталы және адал еңбектерімен ерекше көзге түсті. Олар еңбек өнімділігін 120—130 процент арттыруға жетісті.

В. БУЦЕЛЬНИКОВ,

Петропавл жол дистанциясы кадр бөлімінің қызметкері.

Қарқын күшейе түсуде

Петропавлдың темекі фабрикасының коллективі үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанының жоспарын 108 процент орындап, мемлекеттің көптеген қаржысын үнемдеген болатын. Олар сол үшін бүкіл одақтық үшінші дәрежелі сыйлыққа ие болған-ды.

Социалистік жарысты өрістете отырып, фабрика коллективі кәзір бұрынғыдан да жақсы нәтижелерге жетісуде.

Олар май айының жоспарын 114,6 процент, ал, өткен 5 айдың жоспарын 109,1 процент орындады.

Социалистік жарыста регулировщик И. Рышко, жұмысшылар А. Глущенко, Ф. Елшіғұлов және С. Кривоногов жолдастар стахановтық еңбектерімен бүкіл коллективке үлгі болуда. Бұлар күнделікті жұмыс нормаларын үнемі асыра орындауда.

Фабрика коллективі кәзір жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты одан әрі өрістетуде.

М. БАЙҚАНОВ.

ЯСЫРДЫҢ КОЛОННАСЫ

Анатолий Ясыр екі жылдан бері жас паровозшылар колоннасын басқарады. Анатолийді бүкіл республика еңбекшілері жақсы біледі, құрметтейді. Колонна май айында 182 тонна отын үнемдеп, 258 поезды айналымға берді, ауыр жүк тиелген 145 составты алып өтті. Сонымен қатар, паровоз колоннасының машинистері өткен айдың ішінде ешбір қосымша су алмастан 200 рет сапарға шықты.

Ж. СМАҚОВ.

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайреткері

(В. В. Куйбышевтің туғанына 65 жыл толуына)

Бүгін, есімі біздің партиямыздың тарихына партияның және совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлерінің бірі ретінде жазылған Валериан Владимирович Куйбышевтің туғанына 65 жыл толды. Бұл күнді совет адамдары және бүкіл прогресшіл адамзат бостандық пен бақытты тұрмыс жолындағы жалынды күрескер Куйбышевтің жарқын бейнесін еске түсіреді. Ол өзінің бүкіл өмірін Лениннің — Сталиннің ұлы идеяларының салтанат құруы үшін, халық мүддесі үшін жұмсады.

В. В. Куйбышев өте жас кезінен бастап — ақ Маркстің, Энгельстің, Лениннің шығармаларымен таныса бастады. Ол 1904 жылы, 16 жасында РСДЖП-ның Омскідегі ұйымына кіріп, жас кезінен-ақ революциялық жұмысқа қызу араласты.

1905 жылы, бірінші орыс революциясы басталған кезде Куйбышев Петербургта еді. Петербургтың қарусыз жұмысшыларын патша өкметінің айуандықпен жазалауы бүкіл халықпен бірге жас революционер Куйбышевті де қатты назаландырды, оның патша өкметіне деген өшпенділігін бұрынғыдан да күшейтті. Бұл кезде ол партияның тапсыруы бойынша жария емес әдебиеттерді тарату, революцияшыл жұмысшы отрядтарын қару-жарақпен оқ-дәрімен жабдықтау жөніндегі тапсырмаларды атқарады.

Патша өкметі орындарының қудалуымен Куйбышев сол жылы өзінің туған жері Омскіге қайтып келеді. Сөйтіп, Омскіде және Сибирьдің басқа да қалаларында революциялық күштерді ұйымдастырады. Ол социал-демократиялық ұйымдарды нығайтып, жұмысшыларды патшамен және буржуазиямен қайтадан айқасуға шақырады. Куйбышев ең қиын участоктерде партияның ең жауапты тапсырмаларын орындады.

В. В. Куйбышев Петропавл қаласына келіп, тұңғыш социал-демократиялық ұйымдарды құрды және олардың жұмысын басқарудың үлгісін көрсетті. Сөйтіп, ол Петропавлда меньшевиктік элементтерге қатаң соққы берді. Куйбышев паровоз депосының және басқа да кәсіпорындардың жұмысшылары арасында болып партия туралы лениндік ғылымды кеңінен насихаттады, жұмысшы дабының бостандық үшін күресте жеңіп шығатындығын түсіндірді. Міне, сондықтан да Куйбышевтің есімі петропавлдықтарға өте қымбат.

Россидағы бірінші орыс революциясы жеңіліске ұшырағаннан кейін 1917 жылғы февраль революциясына дейінгі бүкіл

шесі болып, қатардағы құрамды нығайтып, Симбирскідегі контрреволюциялық күштерге соққы беруді ұйымдастырды. Бұл Лениннің жаулардың қолынан ауыр жараланған кезі еді.

Куйбышев Кремльге: «Қымбатты Владимир Ильич, Сіздің туған қалаңызды



алу — бұл бір жараңызға ем, ал, екіншісіне — Самар ем болады» деп телеграмма берді.

Ленин оның телеграммасына былай деп жауап берді: «Менің туған қалам — Симбирскіні алу — менің жарама ең жақсы ем болды. Мен болып көрмеген сергектіл және күштің күйылуын сезудемін...» Валериан Владимирович көсемге берген сөзін мүлтіксіз орындады. Ол басқарғар Қызыл Армияның полктары ақтарды Самардан қуып шықты. 1919 жылы Куйбышев Шығыс майданның Революциялы Соғыс Советінің мүшесі болып тағайындалды. Ол Фрунземен бірге қолчак армиясын талқандауды ұйымдастырды, партияның Орталық Комитеті қабылдаған сталиндік жоспарды жүзеге асырды.

Мұнан кейін ол Орта Азияны шетел басқыншылары мен ел ішіндегі контрреволюциядан тазартуды басқарып, онда Совет үкметін орнатты.

Валериан Владимирович қайда болсын, революция жылдарында, азамат соғысы

Мен Якунинмін. Біз дос едік. Ақтарға бірге соққы бердік.

Валериан Владимировичтің жауынгер достарынан алған көптеген хаттары осы күнге дейін сақтаулы. Бұл хаттардың авторлары Куйбышевке шексіз сүйіспеншіліктерін білдіреді.

Бейбіт құрылыс жылдарында В. В. Куйбышев партиялық және мемлекеттік орындарда жауапты қызметтерде болды. 1920 жылдың декабрінде Куйбышев Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советіне жұмыс істеуге жіберілді. Мұнда ол партияны кәсіпшілер одағынан бөлін алуға әрекет жасаған троцкийшілерді, бухаряшкілерді батып әшкереледі.

Партияның екінші программасы деп аталатын елімізді электрлендірудің леңпідік жоспарын жүзеге асыруда Валериан Владимировичтің ролі зор болды. Еліміздегі тұңғыш электр станциялары — Кашар және Шатур электр станцияларының салынуы Куйбышевтің есімімен тығыз байланысты. Ол елімізді электрлендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыру жолына өзінің барлық күшін жұмсай білді. Куйбышев тұңғыш электр станциялары қызметке қосылғанда зор қуанышпен былай деген еді:

—Бұлар тұңғыштар, бұлар пионерлер, ал, келешекте біз алып электр станцияларын салатын боламыз, сонда кәзіргі кішкене электр станциялардың құрылысына қуанғанымыз бізге ерсі сыяқты көрінетін болады.

Куйбышев 1922—1923 жылдарда — РК(б)П Орталық Комитетінің Секретарларының бірі және Сталин жолдастың көмекшісі. Ол бұл қызметке партияның Орталық Комитетінің 1922 жылы 3 апрельде болған пленумында И. В. Сталин жолдасты Орталық Комитеттің Бас Секретарлығына сайлаған пленумда сайланды.

1923 жылы Ленин мен Сталиннің ұсынысы бойынша Куйбышев партияның бірлігін және совет апаратын нығайту үшін тағайындалған — Жұмысшы — Шаруа Инспекциясының Орталық Бақылау Комиссиясының Председательдігіне сайланды. Валериан Владимирович бұл қызметте 1926 жылға дейін болды.

Бұл кезең партияның тарихындағы ең ауыр жылдардың бірі еді. Партияның және халықтың ашық жаулары троцкийшілер-зиновьевшілерге қарсы күрес жүргізіп, талқандау қажет болды. Куйбышев ол міндеттерді жүзеге асыра отырып, жауларды аяусыз әшкереледі, олардың жасырын, фракциялық топтарын талқандады.

Институттегі мемлекеттік емтихан

Қаладағы Ушинский атындағы мұғалімдер институтының II курс студенттері сын мен сынақтарды ойдағыдай тапсырып, мемлекеттік емтиханды үлкен әзірлік үстінде қарсы алды. Емтихан алдындағы күндерде студенттерге әр пән бойынша консультациялар жүргізіліп, түрлі тақырыптарда лекциялар оқылды.

Июнь айының 1-нен бастап бүкіл жоғарғы оқу орындарындағы сыяқты біздің институтте де мемлекеттік емтихан басталды. Физика-математика факультетінің студенттері алғаш болған емтихандарда жақсы көрсеткіштерге ие болды. Осы факультеттің «а» группасындағы 22 студенттің 13-і математикадан болған мемлекеттік емтиханды «4» және «5» деген бағалармен тапсырды. Институттің басқа факультеттеріндегі студенттер де марксизм-ленинизм негіздерінен, педагогикадан, орыс әдебиетінен және басқа пәндерден мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсыруда.

Бірнеше күннен кейін екінші курс студенттері мұғалімдер институтын табысты етіп бітіріп, облысымыздың жетікылдық мектептеріне мұғалімдікке барады. Олар жастарды Ленин — Сталин ісіне шексіз берілген, коммунизмнің жас, білімді құрылысшыларын даярлау жолында қажырлы еңбек етеді.

К. АСЫЛТАЕВ,
Ушинский атындағы мұғалімдер институтінің студенті.

ОҚУ ЗАЛЫНДА

Жұмыс уақыты біткен соң кітапхананың кең залына келіп, жаңа газет журналдар мен көркем әдебиеттер оқып отырған көптеген адамдарды көресің. Бұлар қаладағы өндіріс орындарындағы жұмысшылар, интеллигенттер, жазғы емтиханға даярланушы оқушылар мен студенттер.

Кітапхана жыл сайын газет, журнал және жаңа кітаптармен толықтырылып отырады. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана 24 түрлі газет, 79 журнал жаздырып және басқа да көптеген саяси, ғылыми ауылшаруашылық әдебиеттерін сатып алды. Кітапхана алдын ала жасалған жоспар бойынша жұмыс істейді. Мұнда көркем әдебиет кеші, кітап оқушылар конференциясы, халықаралық жағдай және басқа тақырыптарда лекциялар, сұрақ және жауап кештері жиі өткізіліп тұрады.

Кітапхана коллективінің кітап оқушылармен тығыз байланыс жасауы нәтижесінде кітап оқушылар саны күннен күнге көбейе түсуде. Кәзір кітапхананың тұрақты 1415 оқушысы бар.

Б. МАРЛИН.

Совхоздағы жаңа құрылыстар

Жыл сайын облыстың совхоздарында

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 4 июнь (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корея Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің бөлімдері барлық майдандарда дұшпанға қарсы болмашы артиллериялық атыстар жүргізді деп хабарлады. Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның екі самолетін атып түсірді.

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздер

ПЕКИН, 4 июнь (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясының мазмұндамасын берді, онда былай делінген: 4 июньде таңертеңгі сағат 11-де делегациялардың толық құрамының жабық мәжілісі болды. Басқа жақ келіссөздерде бір күн—6 июньнің таңертеңгі сағат 11-не дейін үзіліс жасауды ұсынды. Біздің жағымыз бұл ұсыныспен келісті.

Бразилия халқы корейда уақытша бітімнің жасалуын талап етуде

МОНТЕВИДЕО, 3 июнь (СОТА). Бразилияның кәсіподақтар, мәдениет және басқа ұйымдары, көрнекті қоғам қайраткерлері корей мәселесін бейбітшілік жолмен дереу реттеуді талап етуде.

«Импrensa популар» газетінің хабарына қарағанда, Сан-Паулода Кореядағы соғысты тезінен тоқтату үшін күресудің ұранымен 5 мың адам қатысқан митинг болып өткен. Рио-де-Жанейродегі Бразилия баспасөзінің ассоциациясы Кореядағы американдық агрессиясына қарсы наразылық білдірген жыйналыс болған. Жыйналысқа қатысушылар Кореяда уақытша бітімнің жасалуы бүкіл бразиль халқының және бүкіл дүние жүзі халықтарының ортақ тілегі болып табылады деп мәлімдеген.

Аденауэр құтырына түсуде...

БЕРЛИН, 4 июнь. (СОТА). АДН агенттігі 2 июньде Аденауэрдің бундестагтегі коммунистік партия өкпідерінің қол сұғуға болмайтын парламенттік еріктілігін бұзу туралы Бонн үкметінің ұсынысын талқылауды соза беру мақсатымен парламент жұмысының тәртібі және депутаттардың қол сұғуға болмайтын еріктілігінің мәселелері жөніндегі комитетті алтыншы рет шақыруға бұйрық бергендігін хабарлайды. Сонымен, деп мәлімдейді агенттік, 10 коммунист-депутаттардың қол сұғуға болмайтын парламенттік еріктілігін жоюдың хауіпі тағы төнді. Қарарды бундестаг арқылы парламентке өткізу мақсатымен Аденауэр комитеттің бүгіннен қалдырмай қарар қабылдауын талап етуде.

Агенттік, осы жылдың 22 январында коммунист депутаттардың қол сұғуға болмайтын парламенттік еріктілігін жою туралы үкметтің ұсынысын бұқараның талап етуімен бундестаг көпшілігі қабылдамай тастағанда Аденауэрдің жеңіліске ұшырағандығын еске түсіреді. Сол сыяқты, жұртшылықтың кең түрде наразылық білдіруінің нәтижесінде Бонн өкмет орындары 8 июньде Германия Коммунистік партиясына қарсы тағайындаған процесс мерзімі белгісіз уақытқа дейін қалдырылған болатын.

Индонезиядағы ереуіл қозғалысы

ДЖАКАРТА, 4 июнь (СОТА). Антара агенттігінің хабарына қарағанда, 1 июньде Суматраның солтүстік-шығысындағы темекі плантацияларының 6500 жұмысшысы ереуіл бастаған, олардың айтуы бойынша, ереуіл 6 июньге дейін созылады. Ереуіл жасаушылар Голландияның Афрос компаниясының 1953 жылға темекі жұмысшыларымен коллективтік шарт жасасуды сөзбаққа салуына қарсы наразылық білдіруде. Компания өзінің осы теріс әрекетімен жұмысшыларды болып қалған фактінің алдында тізе бүктіріп, өздері үшін пайдалы еңбек ақы төлеу шарттарын өткізгісі келеді деп мәлімдейді жұмысшылар.

Еңбек таластарын шешу жөнінде жергілікті комиссияның еңбек туралы төтенше заңға сүйене отырып, ереуілді заңсыз деп жариялауына қарамастан, ереуіл басталды. ДЖАКАРТА, 4 июнь (СОТА). 2 июньде Индонезияның «Гаруда индонезиан әйруэйд» транспорттық авиация компаниясының 2 мың жұмысшылары қымбатшылықтың етек алуымен байланысты жалақының арттырылуын талап етіп, ереуіл жариялаған. Компания дирекциясы жұмысшылардың талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан.

Индияда азық-түлік жағдайының өте құлдырауы

ДЕЛИ, 3 июнь (СОТА). Индия баспасөзі Индияда азық-түлік жағдайының өте құлдырауы халік төменіп отырған

және басқа революциялық күштерді патша өкіметіне қарсы күреске дайындады. Ленин — Сталин партиясының түрлі түсетін жауларының опасыздық істерін әшкереледі, маркстік жұмысшы партиясының тұңғыш ұйымдарын қалыптастырды. Бұл ұйымдарды идеялық жағынан шыңдап, болашақ революцияны дайындауға бағыттады. Демек, ол бұл кезде лениндік мектептің профессионал революционері болып алды.

Жалпыды революционердің қызметі патша өкімет орындарының тіміскіленіп құдалауы салдарынан бірнеше рет үзілді. 1906 жылдан 1916 жылға дейін ол 8 рет тұтқындалды, 3 рет сотталды, 4 рет Сибирьге жер аударылды. Бірақ, мұның бәрі ержүрек, табанды революционердің болатын еркін жасыға да, мұқата да алмады. Ол түрмеде және айдауда жүргенде халықтың қас жауы — патшалық Россияға, қанаушы таптарға өшпенділік сезімін бұрынғыдан да күшейтіп, Россияда социалистік революцияның болуына және оның жеңуіне толық сенім білдірді.

Февраль Революциясы В. В. Куйбышевті Турухан өлкесіне жер аударылып бара жатқан сапардан қайтарды. Валериан Владимирович бұған дейін өзі астыртын партиялық жұмыс жүргізген Самар (кәзіргі Куйбышев) қаласына қайтып келді. Тәжрибелі революционер асқан күш, жігермен жұмысқа кірісті. Мұнда ол большевиктік ұйымдарды нығайта отырып, Совет өкіметін орнатты. Куйбышев Самар губерниясы атқомінің, губерналық комитеттің революциялық комитетінің председателі болып істеді және Совет Армиясын құру жөнінде көп жұмыстар жүргізді.

Азамат соғысының ауыр жылдарында Куйбышев Совет Армиясының аса көрнекті ұйымдастырушыларының және саяси басшыларының бірі болды. Партия оны шетел интервенттері мен ақ гвардияшыларға қарсы күрестің ең жауапты участоктеріне жіберді. Куйбышев партияның тапсырмасын әрқашан абыроймен орындап отырды.

Куйбышев азамат соғысының бірінші кезеңінде 1-Армияның комиссары және Революциялық Соғыс Советінің мү-

руалардың, солдаттардың қалың бұқарасымен тығыз байланыста болып, оларға тамаша қамқорлық жасады. Бұл үшін ол үнемі зор сүйіспеншілікке бөленді. Азамат соғысының майдандарында Куйбышевпен бірге болған мыңдаған шаруалардың бірі — Якуния қандай ұрыстарда болсын Валериан Владимировичпен бірге болып, өзінің зор денесімен оны әрқашан оқтан қорғап қалуда әрекеттенетін болған. Бір ұрыста Куйбышев оған былай дейді:

— Сен мұны қой. Мен үшін өз өміріңді неге оққа қарсы қоясың. Өзіңді сақта, өзіңді селода семьяң, балаларың бар.

— Ал, сенің семьяң — біздің бүкіл еліміз, сен өзіңді сақтауға тиіссің, мен бұл жөнінде қамқорлық жасауым керек, — деп жауап қайтарады бұған Якуния.

Валериан Владимировичтың мұндай достары көп болған.

1935 жылы 25 январьда Кремльге, Валериан Владимировичтің үйіне шаруа киімін киген бір адам келді. Бұл кезде Валерианның жүрегі соғуын тоқтатқан еді. Әлгі келген шаруа сәл кідірді де мұнан кейін Валериан Владимировичтің жанына келіп қайғылы дауыспен былай деді:

— Апырай, бұл не? Соғыста өлім дегенді білемін, ержүрек жауынгер, батыр болдың, жауға қарсы ұмтылдың... ал, міне, кәзір... бұл не?

Ол көзінен тамшылап аққан жасын ормалмен сүртіп, біраз отырды да үйден шыға бергенде бізбен өзін таныстырды.

Ф. В. Давранский қайтыс болғаннан кейін В. В. Куйбышев ССРО Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советін басқарды. 1927 жылы партияның XV съезінде Куйбышев БК(б)П Орталық Комитетінің Саясаттық Бюросының мүшесі болып сайланды.

Куйбышевтің орасан зор ұйымдастырушылық таланты, оның қайнаған жігері, социалистік экономиканы құру жөніндегі жұмыста, сталиндік бірінші және екінші бесжылдықтар кезінде жаңа күшпен көрінді. Алғашқы екі бесжылдықтың сталиндік жоспарын жүзеге асыру, елді индустриаландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісіне тікелей басшылық жасап орасан зор еңбек сіңірді.

1930 жылы Куйбышев ССРО Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғау Советі Председателінің бірінші Орынбасары және Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының председателі болды. 1934 жылдан кейін бұған қоса ССРО Одағы Халық Комиссарлары Советінің жанындағы Совет Бақылау Комиссиясының Председателі болып қызмет атқарды.

1935 жылы 25 январьда В. В. Куйбышев партия мен халық жауларының қолынан қаза тапты.

В. В. Куйбышевтің қайтыс болуы туралы өзінің хабарында партияның Орталық Комитеті былай деп жазды: «Куйбышев жолдас пролетариат революционерінің, партияның және жұмысшы табының жауларымен бітпеспейтін табанды лениншілдік және коммунизм үшін аянбай күресушінің үлгісі болды... Валериан Владимирович Куйбышевтің партияға шексіз берілгендігі, еңбекшілердің мүддесі үшін аянбай, қажымай-талмай жұмыс істеуі миллиондаған пролетариаттар мен еңбекшілерге олардың коммунизмнің салтанат құруы үшін жүргізген ұлы күресінде тамаша үлгі болды».

Совет адамдары В. В. Куйбышевтің жарқын бейнесін әрқашан есте сақтайды.

Елена Куйбышева,

В. В. Куйбышевтің Көкшетау қаласындағы музейінің директоры.



Валериан Владимирович Куйбышев осы ағаштың көлеңкесінде дем алғанды жақсы көруші еді. Кәзір бұл ағашты Көкшетаудағы Куйбышев музейі өз сақтауына алып отыр. Суретте: Валериан Владимировичтің апасы Елена Владимировна музейге келгендермен бірге Валериан Владимировичтің сүйікті ағашының көлеңкесінде тұрған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Үстіміздегі жылы Чистов астық совхозының үшінші бөлімшесінде жаңа тұрғын үйлер мен дәрігерлік пункт салынды. Бастауыш мектеп кеңейтіліп, жеті-жылдық мектепке айналдырылады. Жуықта ғана мұғалімдер екі пәтерлі жаңа тұрғын үй алды.

Совхоздың төртінші бөлімшесінде жүз бастық сыйырлар мен бұзауларға арналған төл қоралары салынауда. Мұндағы ішкі жұмыстардың бәрі механикаландырылды. Ал, бірінші бөлімшеде 150 орны бар жаңа клуб салу жұмысы басталды. А. РАМАЗАНОВ.

ФУТБОЛ

3 июнь күні қаладағы стадиондарда қала бойынша бірінші орынға ие болу үшін өткізіліп жатқан жарысқа қатысушы командалардың кездесулері болды.

«Электрик» стадионында «Электрик» және «Динамоның» I-және II-командалары кездесті.

Ал, бұдан кейін осы стадионда жарыс өткізген бірінші командалардың кездесуі 2:1 есебімен динамолықтардың пайдасына шешілді.

Сол күні «Динамо» стадионында «Звезда» командасы мен «Пищевик» командаларының ойыны 1:1 есебімен тепе-тең болып аяқталды.

«Локомотив» стадионында «Молот» және «Локомотив» командалары кездесті. Алаң иелерінің екінші командалары 2:1 есебімен жеңіске ие болды. Ал, бірінші командалардың жарысында 4:1 есебімен «Молот» командасы жеңді.

дығы туралы елеулі тыйышсызданғандықты білдіреді. Мұнымен бірге газеттер егін шығымының төмендеп кеткендігін хабарлайды. «Индиан фэйанс» журналының мәліметтеріне сәйкес, 1951 — 1952 жылы, 1950 — 51 жылмен салыстырғанда бидай 9,5 процент, азықтық жемшөп — 12,1 процент, арпа — 8,2 процент, жерге өсетін жаңғақ — 11,6 процент, кендір тұқымдары — 14,4 процент кем алынған.

БРИТАН ИМПЕРИЯСЫ ЕЛДЕРІ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРЛЕРІНІҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ЛОНДОН, 3 июнь. (СОТА). Лондонда 3 июнь күні Англия премьер-министрі Черчилльдің председателдік етуімен Британ империясы елдері премьер-министрлерінің конференциясы ашылған.

Ағылшын премьер-министрінің кеңсесі жариялаған мазмұндамада конференцияның бірінші мәжілісінен кейін «премьер-министрлер халықаралық жағ-

процент қымбаттаған. «Егер дереу шаралар қолданылмайтын болса, — деп атап көрсетеді газет, — жағдай мұнан да жаман құлдырайтын болады».

«Хиндустан таймс» газетінің хабарына қарағанда, Джодпураның ашыққап халқы ағаш жапрақтарынан жасалған лепешкалармен қоректенуде.

дайларды жалпы талқылауды бастады» делінген.

Рейтер агенттігінің көрсетуіндей, бейделді топтардан алынған мәліметтер бойынша, бірінші мәжілісте премьер-министрлер Шығыс пен Батыс арасында жоғарғы топтарда келіссөздер жүргізу жөніндегі Черчилльдің жуырдағы ұсынысын жақтаған.

ГРЕЦИЯДА ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ҰЛГАЮЫ

СОФИЯ, 3 июнь (СОТА). Эллес Пресс агенттігі соңғы бес айдың ішінде Грециядағы жұмыссыздардың саны 40 процент ұлғайды деп хабарлайды. «Аллаги» газетінің мәліметтері бойынша, осы жылдың май айының басында Афинда 85 мың жұмыссыздар, Салоникида — 23 мың, Волосте — 9500, Кавалла-

да — 12800, Патрыда — 8500 болған. Афиндан алынған хабарларға қарағанда, грек үкіметі штаттан тыс 13 мың қызметкерлерді және мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың көптеген жұмысшылары мен қызметшілерін қызметтен шығаруды ұйғарып отырған көрінеді.

КЕНИЯДАҒЫ ТЕРРОР

ЛОНДОН, 3 июнь (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Найробиден (Кения) берген хабарына сәйкес, екінші июнь күні Кениядағы «хауіпсіздік әскерлері» деп аталатындар 54 негрді өлтіріп, 16

негрді жаралаған. Негрлерді агенттік «террористер» деп атайды.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

Сақтық кассалары

★

Мынадай жыйнақ ақшалар қабылдайды:

Сұраған кезінде алынатын, мерзімді, ұғысты, шартты жыйнақтар және ағымдағы есеп бойынша;

Жыйнақ ақшаларды иелерінің талап етуі бойынша қалаған уақытында қайтарып отырады;

Жыйнақ ақшаларды иелерінің тапсыруымен бір кассадан екінші кассаға ауыстырып отырады;

Аккредитивтер береді және төлейді.

★

★

Сақтық кассаларына салынған жыйнақ ақшалар бойынша жыйнақ салушыларға процент және ұтыс ретінде табыс төлейді.

Мемлекеттік сақтық кассасына салынған жыйнақ ақшаның аман сақталуына кепілдік жасалынады.

Жыйнақ ақшаны салушылар, олардың есептеріндегі ақшаларының сомасы мен ауысу жағдайларын сақтық кассалары ешкімге жария етпейді.

★

АҚШАЛАРЫҢЫЗДЫ САҚТЫҚ КАССАЛАРЫНА САЛЫҢЫЗДАР!